

КМҚК №11 "Таңшолпан" бөбекжай - бақшасы



**№1 педагогикалық кеңес шешімімен
"Бекітілді"
Бөбекжай-бақша директоры
С.Ж.Жанекешова**

**2020-2021 оқу жылына арналған
№7 "Еркемай" мектепалды даярлық тобының
"Туған жер"
вариативтік компонент
ұйымдастырылған жұмыс жоспары**

Түсінік хат

Туған жердің тарихын тану-бұл өте күрделі жұмысты талап етеді, жұмыстың көптігімен ерекшеленіп, уақыт кезеңінде өте күрделі болып келеді. Туған жерін тану бұл - мектеп жасына дейінгі балалардың бойында белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастырады және отансүйгіштік сезімге тәрбиелейді. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету балаларды азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді. Осы мақсатта «Туған жер» бойынша мектепке дейінгі мекемеге арналған вариативтік компонент қала тарихына арналып жасалды. Бұнда тақырыптық іс-шараларға және жобаларға, кітапханалардың, ұлттық-мәдени орталықтардың іс-шараларына, сайыстарға, олимпиадаларға қатысу арқылы туған жер жайлы білімді тереңдетуге деген ұмтылысқа ынталандыру көзделеді.

«Туған жерім-тал бесігім» вариативтік компонентіне өз өлкеміздің тарихы, географиялық орны, жер бедері, жер атауы, жер аумағы, пайдалы қазбалары, өнеркәсібі, өсімдіктері мен жануарлары, Ұлы Отан соғысының батырлары, өнер саңлақтары жайындағы еңбектер еніп отыр. Кейбір тақырыптар жаратылыстану, әлеуметтік орта сынды басқа білім беру салаларында қайталанғанымен, алынып отырған барлық тақырыптар балалардың туған елге, туған жерге, елтану біліміне деген сүйіспеншіліктерін, ұлтжандылықтарын білдіріп қана қоймай, аймақтық экологиялық тақырыптарды да қамтиды. Мысалы, «Жануарлар әлемі», «ағаштар, бұталар, өсімдіктер», «Дәрілік өсімдіктер», «Құстар біздің досымыз», «Балық шаруашылығы» және т.б. тақырыптарды жергілікті тірі табиғат иелері, олардың ерекшеліктері туралы терең мағлұмат беріледі. Бұл бағдарламалық материалдар балалардың өз білімдерін тереңдетуге әсер етеді, балалар қабілетінің мейлінше кемелдене түсуіне мүмкіндік береді. Бала өзінің мекен етіп отырған жерінің өткені мен бүгінгісіне көз жеткізіп, жергілікті табиғат туралы ізденіс қабілеттерін дамытуға, қосымша материалдармен жұмыс істеуге дағдыланады.

Туған жерді зерттеу ерекше қанағаттанушылық туғызатын, қоғамдық ой-пікірді қалыптастыратын сала. Сондықтан жергілікті материалдар негізінде туған жерді танудың тәрбиелік маңызы зор болып табылады.

Мақсаты: Балалардың қоршаған ортаға, туған өлкеге деген сүйіспеншілікті арттыру. Туған еліндегі көрікті жерлерге саяхат жасап, мәдениетімен таныса білуге, отанын қорғауға тәрбиелеу.

"Туған жерім !" вариативтік компонент аптасына 1 рет, жылына 36 сағат.

р/с	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі	Дидактикалық ойындар
1	"Туған жер туралы түсінік"	Өз өлкесінің тарихына қатысты материалдарды жинастырып, оның жойылмауы үшін аялап күтуге, ата-бабаларына көмектесуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, сөйлесу, сұра-жауап	"Өз қаланды танысың ба?" Шарты: басқа қалалардың суретінің арасынан өз қаласын табу.
2	"Біздің көрікті қала"	Балалардың туған жерге, елге деген құрмет сезімін тәрбиелеу, өз Отанын мақтаныш ете білу, Атырау қаласының тарихымен, жер байлықтарымен таныстыру, тіл байлықтарымен сөздік қорларын толықтыру.	Көрсету, әңгімелесу, сұрақ-жауап, би, тақпақ оқу.	"Қай қала екенін тап?" Шарты: ойын үшін Қазақстан картасын пайдаланамыз. Балаларға Қазақстандағы бірнеше қалалардың аты беріледі.
3	"Шежірелі - туған өлкем"	Қала тарихына байланысты естеліктер, аңыз әңгімелер, ауылдан шыққан тарихи тұлғалар: билер, батырлар өмірі, ерлік істері, ауылдың тарихи кезеңдегі келбеті т.б.	Сайыс сабақ	"Сиқырлы текше" Мақсаты: балаларды жекелеген заттарды атауларын қазақ тілінде дұрыс айта білуге үйрету. қазақ тіліндегі дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету.
4	"Туған жерім -Атырауым" Қала күніне орай саяхатқа шығу.	Туған өлке табиғатына саяхат жасау. балаларды туған өлкеге деген сүйіспеншілігін арттыру. Қоршаған ортаны қорғауға баулу.	Саяхат	"Менің елім" тақырыбына сурет саламыз. Асфальт бетіне.
5	"Мұнайлы өлке, шырайлы өлке Атырау"	Туған қалаға деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу. Өз қалалары туралы білімдерін жүйелеу және байыту. табиғатымен танысу.	Түсіндіру, сөйлесу, сұра-жауап	"Мұнайды зерттеу" Пайдалы және пайдасыз қасиеттерін атайды.
6	«Жайық өзеніне саяхат»	Өз қаласының табиғи ерекшеліктері туралы мағлұмат беру. Жайық өзенінің орналасуы, басты байлығы, адам өміріндегі маңызы туралы білімдерін жетілдіру. жайығымызды мақтан тұтуға, патриотизмге тәрбиелеу.	Саяхат	"Жүзеді және батады" әр түрлі ойыншықтармен суға рйнатуды үйретуде қалыптастыру, "ауыр-батады", "жеңіл-батпайды" ұғымдарын нығайту.
7	"Жер -су аттарына шолу"	Жер -су аттары туралы түсініктерін дамыту.	Сұрақ-жауап, топпен жұмыс, жеке жұмыс, ой қозғау.	Жер -су аттары туралы мақал-мәтелдер айтқызу.
8	"Табиғат байлықтары" пайдалы қазбалар	Атырау қаласының жер байлықтарымен таныстыру, пайдалы қазбалар туралы айту, тіл байлықтарымен сөздік қорларын	Түсіндіру, ойын, ойға шабуыл, сұрақ-жауап	"Нені атағанымды көрсет" жанды және жансыз табиғатты атап көрсету.

		толықтыру.		
9	"Тарихи мұраны сақтау-біздің борышымыз"	Тарихи ескерткіштер жайында толық мағлұмат беру, ескерткіштердің түр-түрлерімен таныстыру, болашаққа аманат екенін түсіндіру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап	"Кім жылдам?" қиынды суреттерден ескерткіштер салынған суреттерді құрастыру және атауын атау.
10	«Қаламыздың кітапханасы, мәдениет үйі»	Көне заманның танымал тарихи ескерткіштері, жәдігерлері туралы әңгімелеу.	Көрнекілік арқылы түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап.	"Айырмашылығын тап" қазіргі және ескі күйін айырмашылықтарын әңгімелеуге үйрету.
11	"Өлкенің топырағы"	Топырақ жайлы және оның құрамы жайлы түсінік беру, тәжірибе арқылы көз жеткізу. Табиғатты аялауға, ұқыптылыққа, елін, жерін сүюге баулу. Өзіне деген сенімділікке баулу.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап, венн диаграммасы	Триз ойыны: "Жақсы жаман" балалар топырақтың пайдалы және пайдасыз қасиеттерін атайды.
12	"Жергілікті жердің ауа райы және климаты"	Ауа райы туралы түсінік бере отырып, оның өзгеру себептерін ашып, болжау түрлеріне тоқталу. Климат, климат қалыптастырушы факторлар туралы түсінік беру.	Көрнекілік арқылы түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап	"Жер, су, ауа" Мақсаты: қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. тіл байлығын жетілдіру. ойлай сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін дамыту.
13	"Жануарлар әлемі"	Өз жеріміздегі мекендейтін жануарлармен таныстыру; олардың тіршілігі туралы мағлұмат беру; балалардың жануарлар туралы білімдерін әрі қарай кеңейту.	Топтастыру, сұрақ-жауап, дидактикалық ойын, жағдаяттар әдісі	"Аңшы" Мақсаты: балаларға жануарлардың, құстардың, балықтардың атын атауға дағдыландыру. Ойын ережесі: келесі тор көзге аңның атын атағаннан кейін өтуге болады. Орманға барар жолдағы тор көздер нешеу болса, сонша аңның атын атай отырып орманға жеткен жеңімпаз аңшы болады.
14	"Қызыл кітапқа енгізілген жануарлар"	Балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін қалыптастыру; жануарлардың жойылып кету себептерін түсіндіру; Өз елінің жануарлары олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту.	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап, ойын, топтық жұмыс.	"Жабайы аңдар" Мақсаты: жабайы аңдарды танып, біліп ажырата білуге үйрету.
15	"Жер-су аттарына шолу"	Жер-су атауларын анықтап, сұрастыру. Жергілікті ауыл тұрғындарымен кездесу. Өлкеміздегі жер-су аттарының ерекшелігі,	Түсіндіру, сөйлесу, сұрақ-жауап, ой бөлісу.	"Келесі кездескенше" Мақсаты: жеке тұлғаны психологиялық жағынан

		әрбір тарихи кезенді жер-су аттарының өзгеруі.		белсендендіру, өз ойын еркін және сенімді жеткізе алуын жоғарылату, бір-біріне тілектер айту.
16	«Елдімекендер туралы не білеміз?»	Елді-мекендердің түрлері, қала халқы және халықтың аумақтық орналасуы және қала халқының орналасуы жайлы толық мағлұмат беру.	Сұрақ-жауап, баяндау, әңгіме, дәріс	"Туған қалаңды таныстыр!" Суреттер бойынша әңгіме құрастыру.
17	"Ағаштар, бұталар, өсімдіктер"	Өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа (ағаштар, бұталар, шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету. Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу. Өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру. Туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Сұрақ-жауап, баяндау, қорыту, жартылай іздену.	"Мен өсімдікпін" (Қайың, емен, қызғалдақ, шырша, қарағай) кез-келген өсімдікті тандап, сол туралы әңгімелеу.
18	"Дәрілік өсімдіктер"	Туған ел табиғатындағы өсімдік дүниесін қастерлеу, қадірлеу. Туған жер экологиясын қорғауға үлес қосу. Дәрілік өсімдіктер туралы іздену, сұрау, білу, зерттеу.	Топтық жұмыс, түсіндіру.	"Гүл шоғы" Мақсаты: жақсы тілектер айтып бір-біріне гүл шоғын ұсыну.
19	"Құстар біздің досымыз"	Балаларды жергілікті жердің құстарымен таныстырып, табиғат арқылы адамгершілікке тәрбиелеу және экологиялық білімдерін толық ұғымға жетілдіру.	Сұрақ-жауап, топпен жұмыс, көрнекіліктер, ойын.	"Жабайы құстар" Мақсаты: балаларға жабайы құстардың ерекшелігі туралы білімдерін кеңейту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу.
20	"Құс шаруашылығы"	Құс шаруашылығымен таныстыра отырып, өлкемізде құс шаруашылығымен айналысатын орталықтың бар екенін айту. Құстардың адам өміріндегі маңызы туралы жалпы түсінік қалыптастыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Қимылдық ойын: "Құстар" Шарты: балалар шеңбер бойына тұрады, олар құстар. Залдың екі шетіне гимнастикалық орындық қойылады-бұл тау немесе биіктік. Әуен ойналады, құстар ұшады теңіз бетінде.
21	"Қыстап қалатын құстар және жыл құстары"	Құстардың тіршілік ету жағдайымен таныстыру. Қыстап қалатын және жыл құстарының айырмашылығымен таныстыру.	Көрсету, түсіндіру, әңгімелеу.	"Бөліп көрсет" Шарты: жыл құстарының ішінен қыстап қалатын құстарды ажырату.
22	"Балық шаруашылығы"	Балаларды жергілікті жердің балықтарымен және олардың түрлерімен таныстыра	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	"Балықшы" Балықшы балық аулауға барып, ...

		отырып, тақырып бойынша білімдерін қалыптастыру.		шортан, мөңке, алабұға ұстаймын. т.б.
23	"Ата мұрасы асыл қазынамыз"	Ұлттық бұйымдардан көрмелер ұйымдастыру. Жарыстар ұйымдастыру.	Жарыс түрінде	"Қазақ халқының салт-дәстүрлеріне саяхат" Шарты: қазақ халқының көнеден келе жатқан салт-дәстүрлері, ырымдарын суреттер бойынша айтқызу және әңгімелету.
24	"Менің әулетімнің тарихы"	Өз отбасы, әулетінің тарихы туралы мәліметтер жинақтау. "Отан-отбасынан басталады" деген қағидаға сүйене отырып, отбасы тарихын жазу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, сергіту, ойын	"Менің отбасым" Берілген суреттің ішінен (анасын) отбасы мүшесін табу.
25	"Көрісу айт" меркесі құтты болсын!	Көрісу мерекесі басқа өңірлерде болмайтындығымен қатар өзіміздің жергілікті жерлерімізде тойланатындығын айту.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	"Бүркіт" ұлттық ойыны. Шарты: ойнаушы жүресінен отырып, екі аяғының аралығынан екі қолын жерге тіреп, еңкейіп жердегі орамалды түйіншегінен аузымен іліп алуы керек. Бұл ойын екі білектің күшін сынауға арналған.
26	"Ою-өрнектер"	Балаларға ою-өрнектер туралы әңгімелеу. Ұлттық салт-дәстүр, нақыштар туралы кеңірек түсінік беру.	Ой қозғау, талдау.	"Оюлар туралы не білеміз?" Қайшымен жұмыс: ою қию.
27	"Ұлттық ою-өрнектер" шығармашылық жұмыс	Балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру; шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс ісеуге дағдыландыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	"Оюларды ата" Мақсаты: оюларды тануға үйрету.
28	"Қазақтың салт-дәстүрлері"	Балаларға қазақ халқының салт-дәстүрімен әдеп-ғұрпының тәрбиелік мәнін ұғындыра отырып, баланың бойын адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.	Топтық жұмыс	"Заттарды дұрыс орналастыр". "Бесікке салу" рәсіміне қатысты құрал-жабдықты ретімен орналастыру.
29	"Ержүрек мамандық иелері"	Қаламыздағы көптеген сәулетті ғимараттар мен ескерткіштерді таныстыра отырып оларды жасаған маман иелері екендігін үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	"Мамандықтың бәрі жақсы" Мақсаты: мамандықтарды бір-бірінен айыра білуге үйрету. Мамандықтар туралы әңгімелеу.
30	"Саялы өлкем, сазды өлкем - Атырауым!"	Атырау қаласынан шыққан ақын жазушылармен таныстыру. Өнерді	Әуен тыңдау, сұрақ-жауап, түсіндіру.	Ақын - жазушыларымыздың өлеңдерін жатқа айтқызу.

		құрметтеуге, өзін-өзі ұстауға, адамгершілікке тәрбиелеу.		
31	"Күй атасы-Құрманғазы"	Күй атасы -Құрманғазы туралы толық мағлұмат беру. Ән-күйлер тыңдау арқылы әуендік сезімталдығын арттыру.есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.	Ой қозғау, ұжымдық саяхат жасай отырып, Құрманғазының өсу жолын бейнелеу, баяндау.	"Тапқыр болсаң, тауып көр" Мақсаты: ой ұшқырлығын тәрбиелеу, ауызша сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.
32	"Домбыра халық даналығы"	Өнерді құрметтеуге, өзін-өзі ұстауға, адамгершілікке тәрбиелеу, балалардың халық өнеріне деген сүйіспеншіліктерін арттыру, шыдамдылықпен, ұқыптылықпен жұмыс істеуге дағдыландыру.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойындар, салт-дәстүрлерді атау, мақал-мәтелдер айту, тілдерін жаттықтыру.	"Салт дәстүрлерді ата?" Шарты: балалар салт-дәстүрлер туралы сұраққа жауап береді, дәстүр бейнеленген көріністің суретін табады.
33	"Ұлттар достығы"	Көпұлтты Атырау жерінің халықтар достығы -еліміздің бірлігінің кепілдігі екендігін таныту. Әр халықтың өнері, оның рухани байлығының негізін баланың жүрегіне өз ұлтының тілін, дінін біле отырып, өзге ұлттың рухани байлығын сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ән айту.	"Қай ұлттың бас киімі?" Шарты: көрсетілген әр ұлт өкілдерінің суреттерінің бас киімін тауып кигізу.
34	"Батырлар рухы өшпейді"	Еліміздің тәуелсіздігімен азаматтығы үшін күрескен батырлардың ерлігін айта отырып, жауаптылыққа, батылдыққа үйрету.	Сұрақ-жауап, әңгімелеу.	Батырлар туралы мақал-мәтелдерді кім біледі?.
35	"Ер есімі-ел есінде" Жеңіс саябағына саяхат	Балаларды адамгершілікке, Отанын сүюге, оны қорғауға тәрбиелеу. Балаларды Ұлы Отан соғысымен қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой-өрісін дамыту.	Саяхат, түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап, ойын	"Ел- қорғауға әзірміз" Асфальт бетіне сурет салғызу.
36	"Ел қорғаған батырлар" "Махамбет пен Исатай" ескерткішіне саяхат	Атырау қаласынан шыққан батырлардың есімімен танысу, еліміздің тәуелсіздігімен азаттығы үшін күрескен батырлардың ерлігін айта отырып, жауаптылыққа, батылдыққа үйрету.	Түсіндіру, көрсету, сұрақ-жауап	Батырлар туралы тақпақтар кім біледі?